

Қазақстан Республикасы Әскери-Теңіз Күштерінің оқу орталығын құру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 30 тамыз 1993 ж. N 748

Қазақстан Республикасының Әскери-Теңіз Күштері мен Шекара әскерлерінің теңіз бөлімшелері үшін кеме экипаждарын даярлау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі:

1994 жылға дейін Орал қаласында Әскери-Теңіз Күштері мен Шекара әскерлерінің теңіз бөлімшелері үшін кеме экипаждарын даярлау жөніндегі Қазақстан Республикасы Әскери-Теңіз Күштерінің оқу орталығын құрсын;

Қазақстан Республикасының Ұлттық хауіпсіздік комитетімен бірлесіп екі ай мерзімде Қазақстан Республикасының Әскери-Теңіз Күштері оқу орталығының ұйымдық-штаттық құрылымын әзірлеп, бекітсін.

2. Батыс Қазақстан облысының әкімі Қазақстан Республикасы Әскери-Теңіз Күштерінің орталығына қажетті үй-жай бөлсін, инфрақұрылымын ұйымдастыруға және дамытуға көмек көрсетсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі 1994 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Әскери-Теңіз Күштерінің оқу орталығын құру мен жетілдіруге арналған қажетті қаржылай және материалдық қаражат қарастыратын болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі